

- 8 Shansky N.M., V.V. Ivanov V.V., Shanskaya T.V. Brief etymological dictionary of the Russian language. – Moscow: Prosveshenie, 1971. – P. 464-465.
- 9 Shimkevich F. Korneslov of the Russian language, compared with all the main Slavic dialects and with twenty-four languages. – St. Petersburg: Printing house of the Imperial Academy of Sciences, 1842. – Part II. – 167 p. – P. 104.
- 10 Online Etymology dictionary [Electronic resource]. Access mode: <https://www.etymonline.com/word/mind> (date of access: 08.10.2021).
- 11 Partridge E. A short etymological dictionary of modern English. – Routledge, 1966. – P. 4246.
- 12 Etymologeek.com. [Electronic resource]. Access mode: <https://etymologeek.com/eng/mind> (date of access: 21.06.2023).
- 13 Oxford Advanced Learner's Dictionary [Electronic resource]. Access mode: [https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/mind\\_1](https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/mind_1) (date of access: 21.06.2023).
- 14 Weekley E. M. A. An Etymological Dictionary of Modern English. – London: J. Murrey, Albemarle street, W. 1921. – 1660 p. – P. 931-932.
- 15 Collins English Dictionary. Copyright © HarperCollins Publishers [Electronic resource]. Access mode: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/mind> (дата обращения: 08.10.2021).
- 16 Dictionary.com [Electronic resource]. Access mode: <https://www.dictionary.com/browse/mind> (date of access: 08.10.2021).
- 17 Webster's New World College Dictionary. 4th Edition. Copyright © 2010 by Houghton Mifflin Harcourt. [Electronic resource]. Access mode: <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/mind> (date of access: 08.10.2021).
- 18 Merriam-Webster Unabridged dictionary. 1828. [Electronic resource]. Access mode: <https://www.merriam-webster.com/dictionary/mind> (date of access: 08.10.2021).
- 19 Chambers Etymological Dictionary of the English Language / Ed. by J. Donald. – London & Edinburgh: W. & R. Chambers, 1874. – 500 p. – P. 322.
- 20 Mikloshich F. Lexicon Palaeosloveniko-Graeko-Latinum. – Vindobonae: G. Braumueller, 1882-1865. – P. 1053-1054.

Received: 24.11.2023

FTAMP 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp49-60](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp49-60)

**К.С.Сарышова**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, 120005, Қазақстан Республикасы

### **СЫР ӨҢІРІНДЕГІ АНТРОПОТОПОНИМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ**

*Белгілі бір этностың танымында қалыптасқан ғалам үлгілері барлық жалқы есімдердің ономастикалық кеңістігін құрайды. Жалқы есімдердің қалыптасуына тілден бөлек толып жатқан факторлардың әсер ететіні белгілі. Олардың қатарына географиялық, әлеуметтік, тарихи, мәдени факторларды жатқызамыз. Кейбір халықтарда гидроним, ороним, ойконим, этноним саласындағы атау қою тәжірибесінде жеке кісі атын беру жағы басым болатын ерекшеліктер аңғарылады. Тіпті, белгілі бір мекеннің қай халық, қай ұлыс, қай тайпаға тән екендігінің айғақты дәлелі көбінесе сол жердің топонимикалық атауынан байқалатыны рас. Олай болса, Сыр өңірі антропотопонимдерін саралап зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін көрсетеді. Осы орайда топонимиканы когнитивтік аспектіде қарастыру нәтижесінде жаңа деректерге қол жеткізетінімізді ескеріп, өзіміз өмір сүріп отырған мекеніміздің жер-су*

*атауларын танымдық тұрғыда қарастыру, ғылыми-теориялық мәліметтерді саралап, түрлерін анықтау мақсат етіледі.*

*Сыр өңіріндегі антропотопонимдердің (кісі есімдеріне қатысты жер-су атаулары) когнитивтік сипатын анықтау барысында сол өңірді мекендеген халықтың басынан өткерген түрлі әлеуметтік, саяси, тарихи оқиғалардың себептерін анықтауға септігін тигізетін мәліметтер тұжырымдалады. Қызылорда облысының топонимикалық материалы негізінде антропотопонимдердің патронимдік және мемориалды категорияларының ерекшеліктерін нақтылау міндеттеліп, мысалдармен дәлелденеді, ішінара құрылымдық жағынан талдау жасалады.*

*Кілт сөздер: антропотопонимдер, патронимдік топонимдер, мемориалды топонимдер, когниция, ономастика, дүниетаным, тілдік сана, антропоэзектік парадигма.*

## НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Өткен ғасырдан бастап тілді тек грамматикалық тұрғыдан ғана қарастырып қоймай, оның антропоэзектік сипатын талдау, ішкі идеялық философиясына көңіл бөлу қазақ тіл ғылымында жаңа лингвистикалық мәселелердің өзектелуіне әсер етті. Ал антропоэзектік парадигма болса, тілді тек құрылымдық жағынан ғана емес, жүйелік парадигмамен сабақтастықта зерттей отырып, оны ұлттың рухани, мәдени коды ретінде де қарастырады. Осылайша, тілде бұрыннан қалыптасқан заңдылықтарға біршама өзгерістер енгізіп, адамды бірінші орынға қойған антропоэзектік бағытты зерттеген В. фон Гумбольдт, Э. Бенвенист, Ф. де Соссюр, И.А. Бодуен де Куртэне, Г.Штейнталь, Э.Сепир, Б.Уорф, Л. Вайсбергер сияқты шет елдік ғалымдар мен ресейлік зерттеушілер Н.И.Толстой, В.А. Аврорин, В.В. Воробьев, Д.Слобин, А. Вежбицкая, В.Н. Телия, Ю.С. Степанов, А.Р. Лурия, Н.Д. Арутюнова, В.Маслова өз еңбектерінде халықтың тарихы, дүниетанымы, адами көзқарасы, рухани мәдениеті, материалдық қажеттіліктерінің барлығы тілмен байланысты екенін айта келіп, тілді адамның болмысынан тыс зерттеуге болмайтынын ескертеді. Демек, антропоэзекті парадигма тілді адамның танымдық әлемімен, ойлау мүмкіндігімен байланыстыра отырып зерттейді. Дүниетаным, тіл мен ойлау арасындағы тұтастық пен байланыс тек жалпы есімдер арқылы сипатталған әлемнің тілдік бейнесінде ғана емес, ономастикалық әлем бейнесінде де көрінеді. Осы орайда қазақ есімдеріне лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау жасаған Т.Жанұзақтың «Қазақ есімдерінің тарихы», «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» атты еңбектері мен А.Әбдірахманов, Г.Мәдиева, Қ. Рысберген т.б. сияқты отандық ономаст ғалымдардың іргелі еңбектері басшылыққа алынды.

## КІРІСПЕ

Қазіргі когнитивтік лингвистикада әлемнің тілдік бейнесі қарқынды түрде қарастырылуда. «Әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым немесе категория таным, тілдік сана ұғымдарымен байланысты. Орыс ғалымы Г.В. Колшанскийдің: «Әлемнің тілдік бейнесі ұғымын жеке әңгіме етуге болмайды, себебі бұл ұғым тілдік санамен тікелей байланысты» [1, 26] және Т.Г.Скребцованың «Тіл таныммен байланысты, сондықтан таным жеке тұлғаның санасы, ойлауы, концептуалды жүйесі, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері, өткен тәжірибесі, қабылдауымен өзектес болады» [2, 15], – деген пікірлеріне толық қосыламыз.

Зерттеуші ономаст ғалым Е.Ф.Ковлакастың: «Әлемнің топонимикалық бейнесі халықтың дүниетанымдық ерекшеліктерін ашып көрсетумен қатар оның моральдық, этикалық, эстетикалық көзқарастарын да байқатады» деген пікірі біздің де айтпақ ойымызбен ұштасады [3, 373]. Ұлттық танымның көріністерін, зерттеуіміздің тақырыбына орай, топонимиялық әлем бейнесінде, нақтырақ айтсақ, аймақтық топонимиялық әлем бейнесінде талдау негізгі нысанамыз болып табылады.

Әлемнің ономастикалық ұлттық бейнесі сол әлемнің жалпыхалықтық бейнесінің бір бөлігі болады да, аталмыш тілдік бейне жалқы есімдер деңгейінде құрылып, қалыптасады.

Б.М. Тілеубердиев көрсеткендей: «Егер әлемнің тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде әлемнің ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер әлемнің ұлттық тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, әлемнің ономастикалық ұлттық бейнесін құрай алады» [4, 195]. Ғалымның осы тұжырымын басшылыққа алсақ, онда жер-су атаулары туралы концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығын әлемнің ономастикалық бейнесі деуімізге болады.

Ұлттың, адамның ой-санасы, өмір сүру салты, дәстүрі, мәдени талғамы, мифологиялық, діни, көзқарастары, әлеуметтік тәжірибесі, дүниетанымы лексикалық және фразеологиялық бірліктерде, жалпы және жалқы есімдерде, топонимикалық атауларда өз іздерін қалдыратынын және ол іздердің тек тілдік бірліктер арқылы ғана көрінетін іздер емес, сол халықтың дүниетанымының іздері, таңбалары екенін ескере отырып, мақалада Сыр өңірі антропотопонимдері танымдық тұрғыда зерттеледі, түрлі тарихи, әпсаналық деректер арқылы дәйектеледі, құрылымдық ерекшеліктері жіті талданады.

Отандық ономастика ғылымында түрлі зерттеулер жүргізіп, пікірлер айтқан ғалымдардың еңбектеріне шолу жасасақ, біріккен тұлғалы антропонимдердің, топонимдердің синтаксистік құрылысына талдау жасаған профессор Қ. Жұбановтың, Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық қырынан өзге тілдермен салыстыра зерттеген Ә. Әбдірахмановтың, халықтың тарихы мен мәдениеті, этнографиясымен байланысты қарастырған О. Сұлтаньяевтың еңбектерін атай аламыз. Антропонимика, топонимика т.б. салалар бойынша М.Д. Мұсабаев, Ұ.А. Мұсабекова, Ғ.Ж. Ермекбаев, Қ. Ароновтың диссертациялық жұмыстары да көпке мәлім. Тілтанымдық жағынан қарастырған В. Махпировтың, В. Попованың, Б. Бектасованың, Е. Керімбаевтың докторлық диссертацияларын айтуға болады. Қазақ ономастикасының антропонимдер, топонимдер жүйесінің орфографиялық нормалары, стандарттау, бірізге түсіру шараларын жүзеге асыруда Ә. Жақыпов, Қ. Рысберген, Ұ. Ержанова, Г. Сағидолдақызы, А. Әлімхан, Б. Біләловтердің еңбектерін атап өтудің орны бар. Қазақ онимдері негізінде отандық ономастиканың жалпытеориялық мәселелері Т.Жанұзақовтың (1965; 1982), Е.А. Керімбаевтың (1995), Г.Б. Мадиеваның (2005) еңбектерінде қарастырылды. Осы орайда Г.К. Ихсанғалиеваның, С.К. Иманбердиеваның, М.Е. Кәкімованың, С.А. Керімбаеваның, Ж.Б. Қошпанованың да еңбектерін атауға болады.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Топонимика – географиялық және тіл біліміне қатысты атауларға қатысты термин. Бұл туралы ғалым О.М. Поенару: «Топономика мен лингвистиканың байланысы» атты еңбегінде: «Аймақтың топонимиясын зерттеуді кім жүргізетініне қарай түрлі тәсілдерді айтуға болады, сондықтан топонимияға қамқорлық тек географ пен тарихшыны ғана емес, сонымен қатар кейбір атаулардың шығу тегін таза лингвистикалық критерийлер негізінде (яғни, фонетикалық, семантикалық, ономастиологиялық және т.б.) анықтауға тырысатын тіл мамандарын қамтуы керек», – деген еді [5].

Топонимдер – топографиялық кеңістіктің белгілі бір фрагменттерін білдіретін табиғи тілдің тілдік белгілері. Бұл тілдік белгілер жасанды түрде келісілген топонимикалық жүйені білдіреді. Топонимдер – белгілі бір тілдік тенденциялар мен сөзжасамның ерекшеліктерін көрсететін қоғамның саяси, әлеуметтік және мәдени көзқарастарының өзіндік қоймасы. Олай болса, топонимдер тілдің лексикалық қорының маңызды бөлігін құрайды [6]. Мекен еткен жеріміздің иесі ретінде біз өзімізді қоршаған ландшафтпен байланыстыруға тырысамыз. Әлемдік тарихтағы ең қызықты жер атауларының бірі – кісі есімдеріне қатысты топонимдер немесе антропотопонимдер [7]. Топонимдер кеңістікті бейнелейді, сондықтан оларды неймерлер ойлап тапқан ғалам үлгісінің ономастикалық көрінісі деп санауға болады. Топонимдердің этимологиясы мен бастапқы мағынасы, сондай-ақ олардың мотивациясы мен морфологиялық құрылымы топонимикалық зерттеулердің дәстүрлі және тұрақты нысаны болып табылады [8].

Халық өзі қоныс тепкен географиялық нысандарға атау бере отырып, топонимдерді қалыптастырады, ал топонимдер өз кезегінде белгілі мекенде өмір сүрген адамдар, болған оқиғалар және сол халықтың қоғамдық өмірі жайында толық ақпарат береді. Осы орайда Сыр өңірі топонимдерін когнитивтік және құрылымдық жағынан зерттеудің теориялық және практикалық маңызы ерекше. Антропотопонимдер – кісі есімдерінен жасалған нысан атаулары. Олар алғашқы қоныстанушылар мен жер иелерінің, түрлі тарихи кезеңдердегі батырлар мен ел құрметіне бөленген би-шешендердің есімдерімен тікелей байланысты туған. Қазақ халқында кісі есіміне байланысты антропонимикалық атаулар шаруашылық-экономикалық жағынан алғанда көшпелі өмір сүрген халықтың вербалды коды болып та есептеледі. Сонымен қатар сол жерді мекендеген ру, тайпа, халықтың жеке меншігіндегі нысанның шегарасын белгілейтін заңды үрдіс болып қалыптасқан. Зерттеуші ғалым Г.Б.Мадиева: «Бұл факт өзен, су, бұлақтың белгілі бір қожайынға тиесілі екенін анықтау қажеттілігінен туындаған. Көп жағдайда атау белгілі бір мекенге беріледі де, кейін географиялық нысан ретінде мойындалады. Сол себепті антропогидронимдер екіншілік сипатқа ие», – деген болатын [9, 149].

Тақырыпты қарастыруда Сыр өңіріндегі топонимдік атаулар, олар туралы аңыздар нысанға алынып, талдау, жинақтау, түсіндіру әдістеріне сүйене отырып, нақты ғылыми тұжырымдарға қол жеткізу мақсат етілді. Антропотопонимдерді құрылымдық жағынан талдауда структуралық әдіс ұстанымы негізге алынды.

## НӘТИЖЕЛЕР

Топонимдерге қатысты зерттеу еңбектерін саралай келе, антропотопонимдердің патронимдік және мемориалды болып екі категорияға жіктелетініне көз жеткіздік.

*Патронимдік топонимдер* дегеніміз – грек тілінен аударғанда «носящий имя отца», яғни әкесінің есімімен атау дегенді білдіреді. Мәселен, орыс халқында көптеп кездесетін Иваново, Петровка, Николаевка сияқты мекен атауларын патронимдік топонимдерге жатқызуға болады. Біздің ойымызша, атаны, әкені ерекше қадір тұтқан («атажұрт» деуінің өзі алдыңғы кезекте ата, әке, шаңырақ иесі – ұлды көтермелеу сияқты танымдық ұстанымдар) қазақтың дәстүрлі әлеуметтік жүйесі, жеке адам мен оның отбасы, әулет, ру, тайпа, жүз, халық түрінде келетін сатылы таксономиясы, патронимдік топонимдер болып табылады. «Патриархалды қазақ қоғамында жерді пайдалану құқымен патронимиялық жүйе тікелей байланыста болған. Патронимдік модель бір ата баласы, әрі қарай ауыл, ауыл-аймақ территориялық бірлікте біртіндеп қалыптасқан. Осы таксондық деңгейлер антропонимдік-этнотопонимдік сипатқа ие. Себебі көшпелі қоғамның ұжымдық ортақ территориясы іштей патронимдік, генотопонимдік сипаттағы онимдік атаулар арқылы репрезенттеледі, – дей келіп Қ.Қ.Рысбергген, – оған Бұлтың Қыпшақ, Ақтілес Күшік, Апай бөрі Күшік сияқты Орталық Қазақстан жеріндегі бұрынғы болыс атауларын мысалға келтіреді» [10,55].

Біз өз кезегімізде Арал ауданының Қосаман ауылында орналасқан «*Бердікөл*» атты көнеден келе жатқан жер атын патронимдік топоним ретінде атай аламыз. Бұл – 18-ғасырдың соңы мен 19-ғасырдың басында өмір сүрген Жақайым тайпасының Игілік аталығының ұрпағы Берді деген кісінің атымен аталатын қорым. Көне көз қариялардың айтуы бойынша, ол өзінің о дүниелік болар шағын күні бұрын біліп: «Ертең артымдағы ұрпағыма мен өлгеннен кейін жер дауы туындамас үшін денемді Төртқара тайпасының шекарасына жақын қойыңдар», – деген өсиет қалдырса керек. Келесі атау – Сырдария алабында, Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығысында ағып жатқан *Тоғызбай* көлі. Бұл да бір ру шекарасын белгілеу мақсатында кісі есімімен қойылған атау.

*Мемориалды топонимдер.* Географиялық нысандардың бұл тобы елге танымал қоғам қайраткерлері мен әйгілі адамдардың есімімен тікелей байланысты болады. Сыр өңірінде топонимнің бұл түріне мысал жетерлік. Біз өз зерттеу тақырыбымыздың мақсатына орай кісі есімдеріне қатысты топонимдерді «Қызылорда облысының жер-су атаулары» атты зерттеу еңбегінен ықшамдап келтірдік: *Бегім ана мұнарасы* – шамамен 10-12-ғасырлардан сақталған

сәулет өнері ескерткіші. Аңыз бойынша, Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. *Ақтан батыр* – Келарық ауылдық округінің орталығы. Осы өңірдегі Түлкіқашқан деген жерде (Сырдарияның Тілесарық тармағы бойынша) 1770 жылы дүниеге келген Ақтан батырдың есімімен байланысты. *Базар Қожа кесенесі* – 19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басынан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Кесене Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Базар қожаның өзі сол өңірдегі ислам дінін уағыздаушылардың белгілі өкілдерінің бірі, көріпкелдігімен ел арасында қадірлі болған адам. *Бекарыстан би ауылы* – Қазалы ауданындағы Майдакөл ауылдық округінің орталығы. *Жалаңтөс батыр ауылы* – Қазалы қаласынан шығысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан ауыл. *Сырлыбай кесенесі* – 19-ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. Бозкөл ауылы аумағында орналасқан. Халық аңызы бойынша мұнда атақты «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің әкесі Сырлыбай жерленген. *Қорқыт ата мазары* – шамамен 9-10-ғасырларда қазіргі Қорқыт стансасынан 3 км. жерде Қорқыт әулиеге тұрғызылған сәулет өнерінің ескерткіші. *Тұрмағанбет Ізтілеуов* – ауыл, *Қалжан ахун мешіті* – сәулет өнерінің ескерткіші. Діни ғұлама Қалжан ахун Бөлекбайұлы салдырған. Іргетасы 1902 жылы қаланған. *Бала би кесенесі* – Оқшы ата қорымының қасында. *Мұстафа Шоқай ауылы* – Сұлутөбе ауылдық округінің орталығы.

Сыр өңірі топонимикасы ерекшеліктерінің бірі – антропотопонимдер, яғни кісі есімдеріне қатысты атаулар. Олардың ішінде канал, ауыл, қыстау, құдық, тақыр, жота, төбе, көл, бейіт, қорым, ескі жер, шығанақ атаулары кездеседі. Атап айтатын болсақ, Ақмәмбет, Ақтайлақ, Байқадам, Бөрібай, Досан, Елемес, Ербай, Кубас, Аймаңдай, Айтбай, Ақбай, Ақберген, Ақбике, Алтынбай, Амангелді, Балғабай, Баян, Бекетай, Бозғұл, Боранқұл, Бутаков, Достан, Есетқұл, Жақас, Жалмұрат, Жанқожа, Женту, Жойбар ата, Жуаныш, Қазанғап, Қаржаубай, Мәмбет төбе, Мырзаш, Сағындық, Қожабек, Қосым қожа, Мәлік, Жанқожа батыр, Жұбан, ... т.б. Мақалада бұл атауларды «Қызылорда облысының жер-су атаулары» атты кітаптан іріктеп алдық [11,192].

Біз алдымен бойына құнды ақпараттарды сыйдырған Сыр өңіріндегі кісі есімдеріне қатысты жер-су атауларының танымдық сипатына талдау жасайық. Жалпы жер-су аттары түрліше уәжделіп, ерекше белгісіне қарай қойылады, ал адам есімдерінде мұндай уәжделу бола бермейді. Оларда таңбалық, танымдық сипат басым.

Жергілікті ақын Дасқал Сәрсенбайұлы «Жер аттары» деген өлеңінде:

... «Үстінен «Блайқақтың» кесе өткенде,  
Көрінер «Мәулімберлі» Естекбайдан.  
«Жақсыбай», «Шағырлы көл», «Әлдеберген»,  
«Көсікті» малға жайлы әрбір жерден.  
... «Шүңгілі Бекетайдың» «Кіпен», «Қостам»,  
Басында «Марқабайдың», «Түлкі қашқан»...  
«Найзагүл», «Аранды қыр» жотасымен,  
Барады «Шыбық ауыз» арайланып.  
«Сағындық», «Отар тамы», «Тілеуімбет»,

«Сынасап» ойда «Мортық», «Игісі», «Әлдек»... – деп жырлаған болатын. Осы үзіндінің өзінде Мәулімберлі, Естекбай, Жақсыбай, Әлдеберген, Бек, Бекетайдың Шүңгілі, Марқабай, Найзагүл, Сағындық, Тілеуімбет, Сынасап, Мортық сияқты кісі есімдерімен аталған жер аттары ұшырасады. Сондай атаулардың кейбіреуінің мазмұнына тоқталсақ:

*Игісін* – төбе. Бектаудың Бесөзек деген жерінің арқа бетінде 10-12 шақырым жердегі төбе «Игісін» немесе «Игісін алап» деп аталады. Игісін шамамен 1830 жылдары Байыс руында дүниеге келеді. Он саусағынан өнер тамған темірден түйін түйген ұста, өз заманында жеті атадан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұстаханаға /қара дүкен/ иелік еткен. Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» кітабында бозбала Игісіннің Жанқожа мен Ақтанның атқосшы-барлаушысы болып, әрі серіктес сарбаздарымен бірге жүріп, ұлт-азаттық күресіне қатынасқаны туралы мәліметтер бар. *Жұбаныш* – төбе. Кісі есімімен қойылған жер аты. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылының шығысындағы алыстан мұнартып

көрінетін қара төбе. Өткен ғасырларда Сыр өңіріне, соның ішінде Арал, Қазалы, тіпті Қарақалпақ, Өзбек, Түрікпен өңіріне дара қасиетімен танылған халық емшісі, дала шипагері, ілімі мол софы, көріпкел әулие Жұбаныштың есімімен аталған. Кейбір деректер бойынша тіпті ол «қылтамақ ауруын» жазған деп те айтылады. Сондықтан өмірінің соңына дейін «Жұбаныш тәуіп» деп құрметтеп, атаның табанының ізі, алақанының табы қалған Кәукей ауылы маңындағы төбені оның есімімен «Жұбаныш төбе» деп атаған.

*Байсалбай көпір* – көне көпір. Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы кісі есімімен аталған жер аты. Қосымұлы Байсалбай өз заманында ақыл-парасатымен елдің бірлігіне ықпал еткен рудың беделді билерінің бірі, софы болған. Кезінде артынан сөз еріп, қудалауға ілігіп, ағайын туыстарымен Қарақалпақ еліне өтіп кетеді. Шамамен 1936 жылдары елге оралып, Жиеней жарманың сағасына Қарақалпақтың Нөкіс қаласынан нар керуенімен бөрене тасытып, көпір салдырған. Кешегі нәубет жылдары осы көпірмен керуен қатынап, Лақалы арқылы Шымбайдан, Үргеніштен жүгері тасыған. Қазір көпірдің орнына басқа көпір салынғанмен, жергілікті жұрт «Байсалбайдың көпірі» деп атайды. *Байсалбай көл*, *Байсалбай қыстау* да осы кісінің атымен аталған. *Көкен* – төбе. Кісі есімімен аталған жер аты. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Кәукей ауылының жер аумағында. Сал-сері, батыр, бай болған. «Көкеннің көкаласы» деген жылқының тұқымы осы Көкен өңірінен бастап, Бектау өңіріне дейін жайылып жатады екен.

## ТАЛҚЫЛАУ

Біз осылайша Сыр өңіріндегі кісі есімдеріне қатысты атаулардың берілу себебін, ол кісілердің кім болғаны жайындағы деректерді келтіре отырып, жалқы есімдерден жасалған апеллативтер туралы айтуды жөн көрдік. Өзге зерттеу еңбектерімізде жалқы есім бойында тұрған концепті, әдетте, оның интегративті форматы туралы айтуға құқық беретін көпөлшемді білім болып саналатынын және ол өзара байланысты когнитивтік контекстерден немесе салалардан тұратын матрица ретінде ұсынылуы мүмкін екенін айтқан болатынбыз [12, 25]. Біз когнитивтік матрицаны жалпы және жеке деп екі түрге бөлеміз де, бұл жолы оның жеке түріне тоқталамыз. Ал жеке матрицаның орталық нүктесі оның семантикалық ұяшықтарынан тұратын жалпы элемент болып табылады. Олай болса, кісі есімдеріне қатысты жалқы есім-топонимдерден пайда болған антропотопонимдерді «ӨНЕР» және «ДІН» когнитивтік контекстерінде талдауға әбден болады.

«Өнер» когнитивтік контексті бірқатар өнер түрлеріне қатысты (ол сәулет өнері, музыка, сөз өнері болуы мүмкін) жалқы есім-топонимнен пайда болған апеллативтерден көрінеді. Мысалы: *Асан ата кесенесі*. Шиелі ауданы, Бәйгекұм ауылынан шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Асан Қайғы – 14-ғасырдың соңы мен 15-ғасырдың басында өмір сүрген. Асан қайғының Сыр бойындағы Оқшы ата мазаратында жерленгені ғылыми дәлелденген. *Бегім ана мұнарасы* – шамамен 10-12-ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Аңыз бойынша, Бегім Ана – [Қарабура](#) әулиенің қызы, [Салжұқ](#) мемлекетінің ханы [Санжар сұлтанның](#) әйелі. *Қорқыт ата кешені* – қазіргі Қорқыт стансасынан 3 км. жерде Қорқыт әулиеге тұрғызылған сәулет өнерінің ескерткіші. *Оқшы ата кесенесі*. Кесене Шиелі ауданы, Бәйгекұм ауылынан шығысқа қарай 5 шақырым жерде орналасқан. Архитектуралық жәдігер тарихы 9-10-ғасырлардан бастау алып, белгі 15-16-ғасырларда салынса керек. Оқшы ата кесенесі жөнінде мәліметтер В.Каллаур, И.Кастанье, А.Ниязов, Ә.Қоңыратбаев, т.б. еңбектерінде сақталған. Бұл жерде Оқшы атамен бірге Асан ата, Есабыз, Ғайып ата, Қыш ата, Досбол датқа, Бала би сияқты ел ардақтылары жерленген.

«ДІН» когнитивтік контексіне ахундар мен ишандар, молда мен мақсым атанған оқымысты ғұламалардың есімдеріне қатысты пайда болған апеллативтік бірліктер кіреді. Сондай тұлғалардың есімі халық жадында сақталумен қатар, жалпылық мәнге ие болу, екінші рет қайта пайымдалу нәтижесінде апеллативтеніп, топонимдерге айналып үлгірді. Мәселен, *Қалжан ахун мешіт-медресесі*. Сәулет өнерінің ескерткіші Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылынан батысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан. Іргетасы 1902 жылы қаланған. *Түмен*

*әулие кесенесі*. Кесене Жалағаш ауданында орналасқан. Түмен әулие Қаражігітұлы – [әулие, халық емшісі](#), тәуіп. Қазіргі таңда кесене аудан көлеміндегі діни-рухани орталықтардың бірі. Осы топқа Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылынан оңтүстік-шығысқа 15 шақырым жерде орналасқан *Оразай ишан кесенесін*, Жаңақорған ауданындағы *Сунақ ата кесенесін*, Қармақшы ауданындағы *Садық ахун, Әлібай ахун мешіттерін* де жатқыза аламыз.

Біз жалқы есімнің жалпы есім категориясына ауысуы негізінде оның екінші рет концептіленетініне және осы үдерісте жалқы есім бойындағы концептуалдық таным барынша кеңіп, апеллятивтенуге әкелетініне көз жеткіздік.

Антропотопонимдер географиялық атаулардың ішіндегі ерекше топ болуымен қатар құрылысы жағынан жай және күрделі болып келеді. Кісі есімдерінің формалық ерекшеліктерін негізгі зерттеу нысаны етіп қарастырған ғалым Т.Жанұзақ күрделі тұлғалы кісі аттарының бірінші яки екінші компоненттерінде алмасып келетін *бай, бек, сұлтан, мұрат, қожса, жан* т.б. сөздерді 11 топқа жіктеп көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуші бұндай конструкциялы кісі аттары түркі тілдерінің көбінде бар екенін ескерте келіп, кісі аттарының сыңарларындағы «бек», «бай», «сұлтан» сияқты сөздер о баста саяси-әлеуметтік термин ретінде бөлек жазылғанын айтқан болатын [13, 61]. Біз өз кезегімізде кісі есімдерінің шығу төркінін, олардың құрамын зерттеуді мақсат етпегендіктен, кісі есімдеріне қатысты кейбір жер-су атауларының құрамында кездесетін антропонимикалық элементтерге ішінара тоқталып өтеміз:

1. *бай* компоненті. Басында *бай* сөзі адамның қоғамдағы орнын білдірсе, кейін кісі есімдерінің құрамында еркелету мәніндегі аффикс қызметіне көшкен [14, 47]. Бұл сөз 5-8-ғасырлардағы Түркі жазба ескерткіштерінде жиі кездеседі. Оның көне түркілік мағынасы «хакім, бастық», ал қазақ тілінде «мыңғырған малы бар, бай адам» мағынасында жұмсалса, кейін жаңа мағынаға ие болуы себепті қоғамдық қызметі өзгерген.

Қазіргі таңда *бай* сөзі кісі есімінің бір компоненті ретінде аффикс қызметінде жұмсалады. Бұл жайында ғалым Т.Жанұзақ Еділбай, Ертісбай сияқты есімдер ауыл Еділ, Ертіс жағасында отырғанда туылған балаға қойылған есімдер дей келіп, «географиялық терминдер арқылы жасалған есімдер Асубай, Қырқабай, Сеңгірбай, Таубай сияқты есімдердің екінші сыңарларындағы «бай» сөзі бала қырқаға, тауға, жотаға бай болсын деген ұғымды бермесе керек, бұл арада оның қосымшалық қызмет атқарып тұрғанын ескеру керек» деген пікіріне біз де қосыламыз [13, 165]. Ал *бай* компоненті бар кісі есімдерінен жасалған топонимдер біздің зерттеу нысанамызда көптеп кездеседі. Мәселен, *Бөрібай бекеті, Айтбай құдығы, Ақбай аулы, Алтынбай қыстауы, Балғабай каналы, Боранбай қыстауы, Қаржаубай жотасы, Нұрлыбай төбесі, Таңсықбай, Талқанбай, Манасбай, Ұзақбай қыстауы, Сабырбай қонысы, Дайрабай, Дауылбай, Тайобай құдығы, Тоқабай ауылы, Садырбай көлі, Сырлыбай кесенесі, Жидебай көлі...*

2. *бек* компоненті. *Бек* сөзі 5-8 ғ. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде ұшырасады. Парсы тарихшылары *бек* сөзін кісі есіміне жатқызады. Бұрын *бек* сөзі, кісі есімінің бір компоненті ретінде, «ақ сүйек, яғни төре тұқымынан шыққан басшы» мағынасында жұмсалса, кейін «мықты, күшті» мағынасын иемденген. Қазіргі күні *бек* бастапқы мағынасынан айырылып, кісі есімінің құрамында аффикстік қызмет атқарады. Ондай топонимдер Сыр өңірінде саусақпен санарлықтай ғана: *Талдыбек құдығы, Қожабек бейіті, Келдібек құдығы...*

3. *мұрат* компоненті. Бұл компонент қарақалпақ антропотопонимиясында өзіндік ерекшелігі бар тілдік элемент болып есептеледі және екі түрлі мағынада қолданылады: 1.мақсат, арман, 2. «алға қойған мақсатыңа жет» деген ер балаға айтылатын алғыс, тілек [15, 336-338]. Ал Мұрат есімі араб тілінен аударғанда «ерік, тілек, мақсат» дегенді білдірсе, араб мәдениетінде мұрат тектілік пен адалдықтың символы болып та есептеледі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: 1. Белгілі бір істі орындау жолындағы ойлы мақсат, асқақ арман. 2. Бір нәрсе туралы жақсы үлгі-өнеге деп беріліпті. Олай болса, біз де арман, мақсат мағынасында қолданылған жөн деп тұжырымдаймыз. Біз қарастырып отырған аймақта бұндай атаулар бірді-екілі кездесіп қалады. Мысалы, *Қалмұрат төбесі, Өтемұрат көпірі, Шәдімұрат қыстауы*, т.б.

4. *Батыр, би, ата, ахун* тәрізді тұрақты эпитеттермен тіркесіп қолданылуы. *Қылауыз ата кесенесі, Қылышты ата кесенесі, Төлек ата кесенесі, Сунақ ата ауылы, Қорасан ата мазары, Әйтеке би кенті, Бала би аулы, Қалжан ахун мешіті, Мырзабай ахун аулы, Алдашбай ахун аулы, Сәрке батыр аулы, Бұқарбай батыр аулы, Базар қожасан кесенесі, т.б.*

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алғанда жер-су атаулары халық мәдениетінің, тілінің мол байлығын зерттеуде таптырмайтын құнды қазына, қайнар көз болып табылады. Ал тіл болса, өзінің ақпарат тасушылық қызметіне орай, құнды да қызықты мәдени-тарихи мәліметті топонимдердің мазмұнында сақтайды. Халқымыздың экономикалық, қоғамдық өмірін бағалауға мүмкіндік тудыратын осындай тұжырымдарды басшылыққа ала отырып зерттелген жұмысымызда:

- Сыр өңіріндегі кісі есімдеріне қатысты жер-су атаулары когнитивтік тұрғыда зерттелді, олардың патронимдік және мемориалды деген категорияларына анықтама беріліп, *Бердікөл, Тоғызбай көлі, Бегім ана мұнарасы, Ақтан батыр ауылы, Базар қожасан кесенесі Бекарыстан би ауылы, Жалаңтөс батыр ауылы, Сырлыбай кесенесі, Тұрмағанбет Ізтілеуов ауылы, Бала би кесенесі* сияқты атаулармен дәлелденді.

- Зерттеу барысында жер-су аттары түрліше уәжделіп, ерекше белгісіне қарай қойылатыны, ал кісі есімдеріне қатысты атауларда мұндай уәжделу бола бермейтіні, оларда таңбалық, танымдық сипат басым болатыны ескеріліп, бірқатар атауларға когнитивтік талдау жасалынды.

- Кісі есімдеріне қатысты жалқы есім-топонимдерден пайда болған антропотопонимдерді «ӨНЕР» және «ДІН» когнитивтік контекстерінде қарастыра отырып, жалқы есім бойындағы концептуалдық таным барынша кеңіп, апеллятивтену процесіне ұласатынына көз жеткіздік.

- Антропотопонимдердің құрылысы жағынан жай және күрделі болып келетініне назар аударылып, күрделі атауларда кездесетін антропонимикалық элементтер атап көрсетілді, мысалдар келтірілді.

Қорыта айтқанда, Сыр өңіріндегі кісі есімдеріне қатысты жер-су атауларын дәстүрлі тілдік тұрғыдан ғана қарастырып қоймай, когнитивтік-семантикалық тұрғыда зерттеу, талдау туған өлкемізді мекендеген ата-бабамыздың тарихынан мол мәлімет берумен қатар, топонимдердің көптеген сыртқы факторлармен байланысты болатынына, қоғамда өмір сүре жүріп адамдардың түрлі қарым-қатынас нәтижесінде рухани және материалды мәдениетті өз бойына жинақтайтынына көз жеткізеді. Сонымен қатар іштей түрлі категорияларға жіктелетін антропотопонимдер ұлттық танымның көріністерін аймақтық топонимиялық әлем бейнесінде суреттей отырып, қоршаған орта туралы таным-түсінігімізді де кеңейтеді дейміз. Демек, антропотопонимдер ұлттық танымда өзіндік сипатымен ерекшеленеді, ал әр халықтың мәдениеті қашан да тілімен таңбаланады деп тұжырымдаймыз.

*\*Зерттеу жұмысы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР09260188 «Қызылорда облысының тарихи топонимдері: когнитивтік, әдеби негіздері және ұлттық код» атты жоба аясында жүргізілді.*

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Колшанский Г.В. Таным мен тілдегі дүниенің объективті суреті. «Либроком» баспасы, 2018. – 120 б.
- 2 Скребцова Т.Г. Когнитивтік лингвистика: классикалық теориялар мен жаңа көзқарастар. – Москва, 2018. – 392 б.
- 3 Ковлакас Е.Ф. Дүниенің топонимикалық суретінің қалыптасу ерекшеліктері: лексико-прагматикалық және этномәдени аспектілері. – Краснодар: КубГУ, 2008. – 250 б.
- 4 Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006. – 368 б.

- 5 Poenaru O.M. et al. (2013). The relationship between toponymy and linguistics // Anadiss. – 2013. – V.8. – №15. – С.154-166.
- 6 Shamsutdinova, A. V. U. J. K., Urazmetova, A. V. (2017). Principles of place names classifications. DOI: 10.18355/XL.2017.10.04.03
- 7 Evemalm, S. (2018). Theory and practice in the coining and transmission of place-names: a study of the Norse and Gaelic anthroponyms of Lewis: diss. – University of Glasgow, 2018.
- 8 Olga, C., Leonardo, T. I. P., Ksenia B. (2018). New world basque toponymy in the dialogue of languages and cultures // Russian Journal of Linguistics. – 2018. – V. 22. – № 2. – P. 251-264.
- 9 Мадиева Г.Б. Шығыс Қазақстанның гидронимиясы: филол.ғыл.канд.дис. – Алматы: ҚазМУ, 1990. – 149 б.
- 10 Рысбергген Қ.Қ. Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері. Филол.ғыл.докт. авторефераты. – Алматы, 2010. – 55 б.
- 11 Қызылорда облысының жер-су атаулары. – Қызылорда, 2011. – 192 б.
- 12 Абасилов А.М., Тұякбаев Ғ.Ә., Сарышова К.С. Қызылорда облысындағы апелляция топонимдердің когнитивтік негіздері// Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 3(140). 2022. – 21-32 б.
- 13 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021. – 2-т. – 525 б.
- 14 Сайымбетов О. Ара алпа тилиндегі меншикли адам атлары. – Нукус: «Билим», 2000.
- 15 Абишов Г.М. Топонимдер құрамындағы антропонимикалық элементтер// РУДН Хабаршысы. Тіл теориясы. Семиотика. Семантика сериясы. 2017. №2. – 335-340 б.

Материал 04.10.2023 баспаға түсті

### **Когнитивная и структурная характеристика антропотопонимов региона Сыра**

К.С.Сарышова

Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, 120005, Республика Казахстан

*На актуализацию в казахской языковой науке новых лингвистических проблем, начиная с прошлого века, наряду с нормативной грамматикой, повлияли новые подходы к изучению языка, усиление акцента на его внутренней идейной философии, тенденция к антропоцентрическому анализу исследований. Закономерности мироздания, сложившиеся в познании определенного этноса, составляют ономастическое пространство всех имен собственных. Известно, что на формирование имен собственных помимо лингвистических, влияют и другие факторы, в частности, географические, социальные, исторические, культурные. У некоторых народов при именовании гидронимов, оронимов, ойконимов, этнонимов доминирует практика использования имени отдельного человека. Более того, топонимические названия могут выступать убедительным доказательством того, к какому народу, какому племени относится тот или иной населенный пункт. В связи с этим исследование антропотопонимов земли Сыра является актуальной научной проблемой. Целью исследования является анализ научно-теоретических сведений, выявление типов антропотопонимов региона. Рассмотрение топонимики в когнитивном аспекте дает нам доступ к новым знаниям, что позволяет рассмотреть региональные географические названия с познавательной точки зрения. Когнитивный анализ антропотопонимов (топонимов, основанных на имени человека) земли Сыра позволит выявить данные, связанные с причинами различных исторических и политико-социальных изменений, произошедших с населением этого региона. На основе топонимического материала Кызылординской области будут уточняться особенности патронимической и мемориальной категорий антропотопонимов с использованием примеров, проведен их структурный анализ.*

*Ключевые слова: антропотопонимы, патронимические топонимы, мемориальные топонимы, когниция, ономастика, мировоззрение, языковое сознание, антропоцентрическая парадигма.*

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. Изд.: «Либроком», 2018. – С.120.
- 2 Скребцова Т.Г. Когнитивная лингвистика: классические теории, новые подходы. – Москва, 2018. – С. 392.
- 3 Ковлакас Е.Ф. Особенности формирования топонимической картины мира: лексико-прагматический и этнокультурный аспекты. – Краснодар: КубГУ, 2008. – С. 250.
- 4 Тілеубердиев Б.М. Лингвокогнитивные аспекты казахской ономастики. – Алматы: Арыс, 2006. – С. 368.
- 5 Poenaru O.M. et al. (2013). The relationship between toponymy and linguistics // Anadiss. – 2013. – V.8. – №15. – С.154-166.
- 6 Shamsutdinova, A. V. U. J. K., Urazmetova, A. V. (2017). Principles of place names classifications. DOI: 10.18355/XL.2017.10.04.03
- 7 Evemalm, S. (2018). Theory and practice in the coining and transmission of place-names: a study of the Norse and Gaelic anthro-toponyms of Lewis: diss. – University of Glasgow, 2018.
- 8 Olga, C., Leonardo, T. I. P., Ksenia B. (2018). New world basque toponymy in the dialogue of languages and cultures // Russian Journal of Linguistics. – 2018. – V. 22. – № 2. – P. 251-264.
- 9 Мадиева Г.Б. Гидронимия Восточного Казахстана: дис. канд. филол. н. – Алматы: КазГУ, 1990. – С.149.
- 10 Рысбергген Қ.Қ. Лингвокогнитивный и этнокультурный аспекты казахской топонимии. Автореферат докт. филол. наук. – Алматы, 2010. – С.55.
- 11 Географические названия Кызылординской области. – Кызылорда, 2011. – С.192.
- 12 Абасилов А.М., Туякбаев Ф.Ә., Сарышова К.С. Когнитивные основы топонимов-апеллятивов Кызылординской области// Вестник ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Серия филологическая. № 3(140). 2022. – С.21-32.
- 13 Жанузак Т. Казахская ономастика. – Нур-Султан: Международная Тюркская академия, 2021. – 2-т. – С.525.
- 14 Сайымбетов О. Имена собственные в каракалпакском языке. – Нукус: «Билим», 2000.
- 15 Абишов Г.М. Антропонимические элементы в составе топонимов// Вестник РУДН. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. 2017. №2. – С. 335-340.

Материал поступил в редакцию журнала 04.10.2023

#### **Cognitive and structural characteristics of anthrotoponyms in the Syr region**

**K.S. Saryshova.**

Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, 120005, Republic of Kazakhstan.

*Since the last century, the study of the language and normative grammar with the emphasis on its internal ideological philosophy have been considered from a new angle. The analysis of the anthropocentric nature have influenced the actualization of new linguistic problems in the Kazakh language science.*

*The laws of the universe, formed in the knowledge of a certain ethnic group, constitute the onomastic space of all proper names. It is known that the formation of proper names is influenced by factors separate from the language. Among them there are geographical, social, historical and cultural factors.*

*In some nations, in naming hydronyms, oronyms, oikonoms, ethnonyms there predominate features of an individual. It is even true that evidence of the kind of people, population, and tribe characterize a particular place, which is often seen in the toponymic names of the places. This forms the relevance of the topic under discussion.*

*In this regard, considering toponymy in a cognitive aspect, an access to new data may be gained. It is a cognitive approach to consider the names of the habitats in which we live. The goal of the research is to analyze scientific and theoretical information and identify species. When determining the cognitive nature of anthropotoponyms (toponyms related to human names) in the Syr region, it were detected the causes of various historical, political and social changes that occurred with the population inhabiting this region.*

*Based on the toponymic material of the Kyzylorda region, it is necessary to clarify the features of the patronymic and memorial categories of anthropotoponyms, substantiate them with examples, and conduct a structural analysis.*

*Key words: anthropotoponyms, patronymic toponyms, memorial toponyms, cognition, onomastics, worldview, linguistic consciousness, anthropocentric paradigm.*

## REFERENCES

- 1 Kolshanskiy G.V. (1990) Obektivnaia kartina mira v poznanii i iazyke. [An objective picture of the world in cognition and language]. – Moscow: "Nauka", 1990. – P.107. [in Russian].
- 2 Skrebtsova T.G. (2018) Kognitivnaya lingvistika: klassicheskiye teorii, novyye podkhody.[Cognitive linguistics: classical theories, new approaches]. – Moscow, 2018. – P.392. [in Russian].
- 3 Kovlakas Ye.F. (2008) Osobennosti formirovaniya toponimicheskoy kartiny mira: leksiko-pragmaticheskiy i etnokul'turnyy aspekty. [Peculiarities of formation of the toponymic picture of the world: lexical-pragmatic and ethno-cultural aspects]. - Krasnodar: KubGU, 2008. S. 250. [in Russian].
- 4 Tilewberdiev B.M. (2006) Qazaq onomastikasınıñ lingvokognitivtik aspektleri. [Linguistic aspects of Kazakh onomastics]. – Almaty: Arys, 2006. – 368 p. [in Kazakh].
- 5 Poenaru O.M. et al. (2013). The relationship between toponymy and linguistics // Anadiss. – 2013. – V.8. – №15. – C.154-166. [in English].
- 6 Shamsutdinova, A. V. U. J. K., Urazmetova, A. V. (2017). Principles of place names classifications. DOI: 10.18355/XL.2017.10.04.03. [in English].
- 7 Evemalm, S. (2018). Theory and practice in the coining and transmission of place-names: a study of the Norse and Gaelic anthro-po-toponyms of Lewis: diss. – University of Glasgow, 2018. [in English].
- 8 Olga, C., Leonardo, T. I. P., Ksenia B. (2018). New world basque toponymy in the dialogue of languages and cultures // Russian Journal of Linguistics. – 2018. – V. 22. – № 2. – P. 251-264. [in English].
- 9 Madiyeva G.B. (1990) Gidronimiya Vostochnogo Kazakhstana [Hydronymy of East Kazakhstan] dis. kand. filol. n. [dis. cand. philol. n.] – Almaty: KazGU, 1990. – P.149. [in Russian].
- 10 Risbergen Q.Q. (2010) Qazaq toponimiyasınıñ lingvokognitivtik jáne étnomädeni negizderi. [Linguistic and ethnocultural foundations of Kazakh toponymy]. Filo l.ğyl.dokt. avtoferaty [Ph.D. auto abstract]. – Almaty, 2010. – 55 p. [in Kazakh].
- 11 Qızılorda oblısınıñ jer-sw atawları (2011). [Place-water names of Kyzylorda region]. – Kyzylorda, 2011. – 192 p. [in Kazakh].
- 12 Abasılov A.M., Tuyaqbaev Ğ.Ä., Sarışova K.S. (2022) Qızılorda oblısındaǵı apellyativ toponimderdiñ kognitivtik negizderi [Cognitive bases of appellative toponyms in Kyzylorda region]. L.N. Gwmilev atındaǵı EUW Xabarşısı. Filologiya seriyası. [L.N. Herald of Gumilev State University. Philology series]. No. 3(140)/2022. - pp. 21-32. [in Kazakh].
- 13 Januzak T. (2021) Qazaq onomastikası. [Kazakh onomastics]. - Nur-Sultan: International Turkic Academy, 2021. - Vol. 2. - 525 p. [in Kazakh].

14 Sayımbetov O. (2000) Qaraqalpaq tilindegi menşikti adam attarı. [Personal names in the Karakalpak language]. – Nokis: "Knowledge", 2000. [in Russian].

15 Abishov G.M. (2017) Antroponimicheskiye elementy v sostave toponimov [Anthroponymic elements in toponyms]. Vestnik RUDN. Seria: Teoria iazyka. Semiotika. Semantika. [Vestnik RUDN University. Series: Theory of language. Semiotics. Semantics]. 2017. No.2. – P. 335-340. [in Russian].

Received: 04.10.2023

МҒТАР 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss4pp60-69](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss4pp60-69)

**Ә.Қ. Таңсықбай**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

### **«БАБЫРНАМАДА» ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ БЕРІЛУІ**

*Туыстық атаулар лексикада маңызды орын алады. Бұл байлық түркі тілдерінде көрініс тапқан түркі мәдениетінен сыр шертеді. Туыстық атауларды ғылымның әртүрлі салалары, әсіресе тіл білімі, фольклористика және әлеуметтану зерттейді. Бұл мақалада шағатай әдебиетінің жарқын туындысы, Әмір Темірдің ұрпағы Захириддин Мұхаммед Бабырдың естелік кітабы – «Бабырнамдағы» туыстық атаулар қазіргі қазақ тілімен салыстырыла зерттеледі. Аталған еңбекті таңдау себебіміз – З.М. Бабыр аталған еңбекте туыстық атауларды көп қолданады. Мәселен, «Бабырнамда» өзінің және басқа да тарихи тұлғалардың шығу тегін көрсетіп отырады, ал туыстық атауларды қолданбай бұны жасау мүмкін емес. Зерттеу барысында сипаттамалық және лексикографиялық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесінде 52 туыстық атау анықталды. Қазақ тілінде жиі қолданылатын ана, ата, ұл, аға, іні т.б. туыстық атаулардың шығу тегі қарастырылды. «Бабырнамда» мен қазіргі қазақ тілінде сақталған терминдердің басым бөлігі түркілік шығу текке ие екені белгілі болды.*

*Кілт сөздер: Бабырнамда, туыстық атаулар, лексика, шағатай тілі, этимология.*

### **НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Туыстық жүйе жалпы тіл білімінің, оның ішінде тарихи лексикология мен этнолингвистиканың орталық мәселелерінің бірі болған және болып қала береді. Туыстық қарым-қатынас дәстүрлі түрде қоғамдық қатынастардың негізі болып, адамның топтағы орнын анықтайды. Туыстық жүйе қоғамдық өмірді басқаратын және реттейтін қуатты және тиімді құрал ретінде әрекет етеді – бұл этнологтар мен әлеуметтанушылардың осы мәселеге қатысты ортақ пікірі.

Барлық туыстық атаулар, байланыстар мен қарым-қатынастар, рәсімдер мен ырым-жоралғылар түркі халқыларының көбісінде аздаған өзгерістермен бұл күнге дейін жетті және қазіргі қоғамға қызмет етуде. Тарихи лексикологияның ғылыми ұстанымдары бойынша туыстық атаулар хронологиялық шеңберде қарастырылуы қажет. Біздің қарастырайын деп жатқан ғасыр – XV ғасырдың соңы-XVI ғасырдың басы. Аталған уақыт аралығында Орталық Азиядағы жағдайлар егжей-тегжейлі қарастырылған еңбек – Захириддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы». Аталған еңбек туыстық атауларға бай болғандықтан, осы мәдени қабаттың ерекшеліктерін түсіну үшін дереккөз ретінде таңдалды.

КІРІСПЕ